

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024– 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: _____ Амангелді орта мектебі _

Топ/сынып

_____ Мектепалды даярлық сыныбы _____

Балалардың жасы _____ 5-6 жас _____

Жоспардың құрылу кезеңі _____ Сәуір айы 2024-2025 оқу жылы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір айы	Дене шынықтыру 3 сағат	<p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> <p>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.</p> <p>Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру</p>
	Сөйлеуді дамыту 2 сағат	<p>қазақ тілі бойынша:</p> <p>қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіреді; ауызекі сөйлеуде көркем сөздерді қолданады;</p>

	қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады;сөздегі дыбыстардың орнын ажыратады;қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған бұйымдарды біледі;киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін сөздерді біледі;азық-түлік атауларын атайды;аңшылық кәсіпке, мал өсіруге байланысты, егіншілік кәсіпке байланысты сөздерді біледі және оны ауызекі тілде өз бетінше қолданады;
Көркем әдебиет 2 сағат	Адамгершілік нормалары туралы түсінік. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын; 2) өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу, ұл балаларға (мықты, батыл, еңбекқор және тағы басқа) және қыздарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін (биязы, әдемі және тағы басқа) талқылау;
Қазақ тілі 2 сағат	Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру
Сауат ашу негіздері 3 сағат	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.
Математика негіздері 3 сағат	Уақытты бағдарлау. Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге, циферблат бойынша уақытты анықтауды үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат	Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол

		<p>қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің</p> <p>қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро</p> <p>аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы»,</p> <p>«Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол</p> <p>95</p> <p>белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p>
	<p>Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті</p> <p>1 сағат</p> <p>Құрастыру</p> <p>Сурет салу</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Шығармашылық қиялын, ұсақ заттар жасауды көрнекіліктер қолдану арқылы және ойдан шығару, өзінің көз алдына елестету арқылы жасай білуді дамыту.</p> <p>Сурет салу барысында қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізіледі.</p> <p>Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.</p> <p>Сюжеттік жапсыру. Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету.</p> <p>Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.</p>
	<p>Музыка</p> <p>2 сағат</p>	<p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.</p> <p>Билер.</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай</p>

		<p>ауыз әдебиетімен, әңкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету..</p>
--	--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Сәуір айы
«Дене шынықтыру»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Көшбасшы бол»	2	2-4.04
2	«Шабандоздар»	2	7-9.04
3	«Спортпен шұғылданамыз!»	2	11-14.04
4	«Секіртпе – супертренажер»	2	16-18.04
5	«Аңшы боламыз!»	2	21-23.04
6	Көтеріңкі көңіл-күй	2	25-28.04
7	Ойын ойнап өсеміз	1	30.04

«Сөйлеуді дамыту»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Жайлауда(Өлең)	2	1-3.04
2	Мен ғарышкер боламын(Өлең)	2	8-10.04
3	Өрмекші,құмырсқа және қарлығаш(мысал)	2	15-17.04
4	Маңдай тер (Әңгіме)	2	22-24.04
	Күн,Ай және Қораз(ертегі)	1	29.04

«Көркем әдебиет»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Көктемнің сәні (ертегі)	2	1-4.04
2	Мен ғарышкер боламын (Жақан Смақовтың өлеңі)	2	8-11.04
3	Ақкөжектің достары (Ботан Қошымовтың ертегісі)	2	15-18.04
4	Киіз үй (Қастек Баянбайдың өлеңі)	2	22-25.04
5	Достық мерекес(Серікбай Оспановтың өлеңі)	1	29.04

«Сауат ашу негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Дыбыстық талдау	2	2-3.04
2	Сөйлем құрай білеміз	2	7-9.04
3	Біз нені білдік?	2	10-14.04
4	Біз нені үйрендік?	2	16-17.04
5	Біз нені үйрендік, нені білдік?	2	21-23.04
6	Дыбыстық талдау	2	24-28.04
	Біз нені үйрендік?	1	30.04

**«Математика негіздері»
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Жыл мезгілдері. Жыл айлары	2	1-3-7.04
2	. Апта күндері.Тәулік бөліктері	2	8-10-14.04
3	Апта күндері	3	15-17-21.04
4	Математикалық жазулар	1	22.04
5	Таразы	3	24-28-29.04

«Қоршаған ортамен таныстыру»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ауа не үшін қажет?	2	2-7.04
2	Пайдалы қазбалар дегеніміз не?	1	7.04
3	Орман	1	9.04
4	Өсімдіктерді қалай күту қажет?	1	14.04
5	Суда тіршілік ететін жануарлар	1	16.04
6	Көктем белгілері	1	21.04
7	Жантақ қайда өседі?	1	23.04
8	Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?	2	28-30.04

«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»

(Құрастыру,Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру)

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Әжеме арналған камзол	1	1.04
2	Шалғындағы балапандар	1	8.04
3	Зымыран	1	15.04
4	Қобыз	2	22-29.04

«Музыка»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Құстар біздің досымыз»	2	2-4.04
2	«Бақшадағы ән-сауық»	2	9-11.04
3	«Ән салып, би билейміз»	2	16-18.04
4	«Музыка әлеміне саяхат»	3	23-25-30.04

«Қазақ тілі»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Біз мектепке барамыз	2	3-4.04
2	Мектепке не апарамыз?	2	10-11.04
3	Оқушыға не керек?	2	17-18.04
4	Қорытынды сабақ	2	24-25.04